



ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер.

1.1. Ереже «Білім туралы» және «Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны білім беру ұйымдарында сайлау тәртібі» (әрі қарай — Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес әзірленді және білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесінің (әрі қарай – Қамқоршылық кеңес) қызметін ұйымдастыру және оны сайлау тәртібін айқындайды. Қамқоршылық кеңесі білім беру ұйымының әкімшілігімен, ата-аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге де жеке және/немесе заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды.

2. Қамқоршылық кеңесті сайлау тәртібі мен құрамы

Тиісті саланың уәкілетті органы немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган Қамқоршылық кеңесті қалыптастыру және оның құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау туралы хабарландыруды өзінің интернет-ресурсында және/немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында қазақ және орыс тілдерінде таратылатын мерзімді баспасөз басылымында орналастырады.

Ұсыныстарды қабылдау хабарландыру жарияланған күннен кейін он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Қамқоршылық кеңестің құрамы алынған ұсыныстар негізінде Қамқоршылық кеңестің мүшелігіне кандидаттардың жазбаша келісімімен қалыптастырылады және ұсыныстарды қабылдау аяқталғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде тиісті саланың уәкілетті органы немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган бекітеді.

Қамқоршылық кеңестің құрамына:

- 2.1. Жергілікті өкілді, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдері;
- 2.2. жұмыс берушілер мен әлеуметтік серіктестердің өкілдері;
- 2.3. коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері (бар болса);
- 2.4. ата-аналар комитеті ұсынған сыныптардың, курстардың әрбір параллелінен осы білім беру ұйымында білім алушылардың бір ата-анасынан немесе заңды өкілінен;
- 2.5. қайырымдылық жасаушылар (бар болса).

Қамқоршылық кеңес құрылатын білім беру ұйымының басшысы немесе оның орынбасары оның отырыстарына қатысады. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны тақ болып табылады және бір-бірімен және осы білім беру ұйымының басшысымен тығыз қарым-қатынаста және қасиетте болмайтын кемінде тоғыз адамды құрайды. Қамқоршылық кеңес

мүшелерінің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды. Қамқоршылық кеңестің мүшелері осы білім беру ұйымы қызметкерлерінің штатына кірмейді.

Қамқоршылық кеңестің отырысында көпшілік дауыспен ашық дауыс беру арқылы сайланатын (қайта сайланатын) оның төрағасы Қамқоршылық кеңестің басшысы болып табылады.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Қамқоршылық кеңестің құрамына кіретін мемлекеттік органдардың өкілдерін қоспағанда, Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша Қамқоршылық кеңес мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

Төраға Қамқоршылық кеңестің атынан әрекет етеді және оның қызметін осы Қағидаларға сәйкес қамтамасыз етеді.

Қамқоршылық кеңестің хатшысы Білім беру ұйымы қызметкерлерінің арасынан тағайындалады және қамқоршылық кеңестің мүшесі болып табылмайды.

Қамқоршылық кеңестің хатшысы Қамқоршылық кеңес отырыстарының материалдары мен хаттамаларын дайындауды, өткізуді, ресімдеуді қамтамасыз етеді.

3. Қамқоршылық кеңестің өкілеттіктері

Білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесі:

3.1. білім беру ұйымының білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің құқықтарының сақталуына, сондай-ақ білім беру мекемелерінің шотына түсетін қайырымдылық көмектің жұмсалуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады;

3.2. білім беру ұйымының Жарғысына өзгерістер және / немесе толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлейді;

3.3. білім беру ұйымын дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдар әзірлейді;

3.4. жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қазақстандық азаматтардың отбасыларына орналастыру мәселелері бойынша шараларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

3.5. білім беру ұйымына қайырымдылық көмек түрінде түскен қаржы қаражатын бөлуге қатысады және оны мақсатты жұмсау туралы шешім қабылдайды;

3.6. білім беру ұйымының бюджетін қалыптастыру кезінде ұсыныстар әзірлейді;

3.7. тиісті саланың уәкілетті органына немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға Қамқоршылық кеңес анықтаған білім беру ұйымының жұмысындағы кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізеді;

3.8. орта білім беру ұйымы басшысының бос лауазымына орналасуға кандидаттармен әңгімелесу қорытындысы бойынша хаттамалық шешім қабылдайды және шығарады;

3.9. білім беру ұйымы басшысының білім беру ұйымының қызметі туралы, оның ішінде білім беру қызметтерін сапалы ұсыну туралы, қайырымдылық көмекті пайдалану және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қазақстандық азаматтардың отбасыларына орналастыру бойынша қабылданатын шаралар туралы есептерін тыңдайды;

3.10 білім беру ұйымдары қызметінің мәселелері бойынша конференцияларға, кеңестерге, семинарларға қатысады;

3.11. білім беру ұйымының қызметімен, Білім беру ұйымының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне берілген шарттармен танысады, олармен білім беру ұйымы психологының қатысуымен әңгімелесу өткізеді;

Білім беру ұйымдарының қызметкерлері (құрылымдық бөлімшелері) Қамқоршылық Кеңестің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпарат беруге жәрдемдеседі.

4. Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру тәртібі

Қамқоршылық кеңестің отырысын оның төрағасы өз бастамасы бойынша, Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жалпы санының үштен екісінің бастамасы бойынша шақырады.

Қамқоршылық кеңестің отырысын шақыру туралы хабарламаға Қамқоршылық кеңестің төрағасы қол қояды және қамқоршылық кеңестің және қамқоршылық кеңес жұмыс істейтін білім беру ұйымының мүшелеріне қажетті материалдармен бірге отырыс өткізілетін күнге дейін жеті жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жіберіледі.

Хабарламада отырыс өткізілетін күн, уақыт және орын қамтылады.

Хабарламаға баяндамашы көрсетілген отырыстың күн тәртібі, көрсетілген мәселелерді күн тәртібіне енгізу себептерін көздейтін анықтамалық материалдар, отырысқа Қамқоршылық кеңес мүшелеріне ұсынылатын қажетті құжаттар қоса беріледі.

Қамқоршылық кеңестің отырысын өткізу туралы хабарлама алған Қамқоршылық кеңестің мүшесі оны өткізу күніне дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей өзінің қатысуы немесе қатыспағаны туралы қамқоршылық кеңестің хатшысын хабардар етеді.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы шақыру туралы ұсыныс түскен күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей Қамқоршылық кеңестің отырысын шақырады.

Қамқоршылық кеңестің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің аумақтық департаменттерінің өкілдері оның отырыстарына дауыс беру құқығынсыз бақылаушы ретінде қатысуға жіберіледі.

Егер қамқоршылық кеңестің барлық мүшелеріне оның өткізілетін уақыты мен орны туралы хабарланса және отырысқа оның мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, Қамқоршылық кеңестің отырысы заңды болып табылады. Қамқоршылық кеңес мүшесінің өз дауысын Қамқоршылық кеңестің басқа мүшесіне не адамға сенімхат бойынша беруіне жол берілмейді.

Білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру кезінде оны беру құқығынсыз бір дауысы болады

Қамқоршылық кеңестің шешімі оған қатысқан мүшелердің көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыстар тең болған кезде Қамқоршылық кеңестің төрағасы, ал ол болмаған жағдайда Қамқоршылық

кеңес төрағасының функцияларын жүзеге асыратын адам дауыс берген шешім қабылданады.

Қамқоршылық кеңестің шешімі хаттамамен ресімделеді, оған отырысқа қатысып отырған Қамқоршылық кеңестің барлық мүшелері қол қоюға тиіс.

Хаттама тиісті саланың уәкілетті органына немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға Қамқоршылық кеңестің отырысы өткізілгеннен кейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жіберіледі. Тиісті саланың уәкілетті органы немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган Қамқоршылық кеңес қабылдаған шешімдер туралы ақпаратты өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

Білім беру ұйымының қайырымдылық көмегі ерікті түрде өтеусіз негізде көрсетіледі және осы Қағидаларда көзделген тәртіппен Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша ғана жұмсалады

Білім беру ұйымы қабылдаған қайырымдылық көмектен түскен кез келген түсімдер:

- мемлекеттік мекеме ұйымдық – құқықтық нысанда құрылған білім беру ұйымдары үшін-Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде ашылған қайырымдылық көмектің қолма-қол ақшасын бақылау шоты;
- Екінші деңгейдегі банкте ашылған шот – өзге ұйымдық-құқықтық нысандарда құрылған білім беру ұйымдары үшін.

Қайырымдылық көмектен түсетін түсімдер мынадай мақсаттарға жұмсалады:

- білім беру ұйымының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін әлеуметтік қолдау;
- білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасын жетілдіру;
- спортты дамыту, дарынды балаларды қолдау;
- мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының талаптарынан тыс білім беру процесін ұйымдастыруға арналған шығыстарды жүзеге асыру.

Білім беру ұйымы жыл сайын қаржы жылының қорытындылары бойынша осы білім беру ұйымының, тиісті саланың уәкілетті органының, білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында тиісті есепті орналастыру арқылы қайырымдылық көмек қаражатын пайдалану және оның қозғалысы жөніндегі қызметтің нәтижелері туралы жұртшылықты хабардар етеді.

5. Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату

Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату:

5.1. тиісті саланың уәкілетті органының немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органның бастамасы бойынша;

5.2. білім беру ұйымын тарату және қайта ұйымдастыру кезінде.

Қамқоршылық кеңестің мүшесі Қамқоршылық кеңестің құрамынан шығарылады:

- жеке бастама бойынша;
- дәлелсіз себептермен отырыстарда қатарынан үш реттен артық болмауы себебінен.